

Қолдану жөніндегі нұсқаулық

Релакто

Тағамға биологиялық белсенді қоспа

Дәрі емес.

Нәрестелерге, балаларға және ересектерге арналған

Релакто - бұл ішек микрофлорасын қалпына келтіретін және адамның иммундық жүйесін нығайтатын пробиотиктерді (тірі сүт қышқылды бактериялар *Lactobacillus rhamnosus* GG) және пребиотиктерді (фруктоолигосахаридтер) біріктіретін биологиялық белсенді тағамдық қоспалар.

Сипаттамасы

Крем түстен ақшыл түске дейінгі ұнтақ.

Ауызда еритін ұнтақ

Құрамы

Әр сашенің ішінде:

Lactobacillus rhamnosus GG..... 6×10^9 КТБ

Фруктоолигосахаридтер.....0.965 г

Қосымша зат: - аэросил

Қолдану аймағы

Ішек микрофлорасын қалпына келтіре отырып, иммунитетті нығайтады.

Антибиотиктерді қолданудан туындаған ішектегі бұзылуларды жояды

Қолданылуы жөніндегі ұсынымдар

1 айдан 3 жасқа дейінгі балалар – күніне 1 сашеден.

3 жасқа дейінгі балалар үшін сашенің ішіндегісін 20 мл суда немесе балалар тағамында ерітеді;

Ана сүтімен тамақтанатын балалар үшін сашенің ішіндегісін қолданар алдында ана сүтінде ерітеді.

3 жастан асқан балалар мен ересектер – тамақтану кезінде күніне 1-2 сашеден. Сашенің ішіндегісін қолданар алдында 20 мл суда немесе йогуртта немесе сүтте ерітеді.

Пайдалану ұзақтығы орта есеппен 10 күннен 14 күнге дейін.

Өте ыстық немесе суық суда ерітпеңіз.

Ұсынылған дозадан асырмаңыз

Бұл тағамға биологиялық белсенді қоспа және ол әртүрлі диетаны алмастыра алмайды.

Релакто құрамында лактоза, глютен және соя жоқ, сондықтан оны организмдері осы заттарды қабылдамайтын адамдар қолдануы мүмкін.

Әр сашенің тағамдық құндылығы

Ақуыздар -0.00 г

Көмірсулар – 0.93 г

Майлар – 0.00 г

Әр сашенің энергетикалық құндылығы

8.2 кДж (1.96 ккал)

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Өнім компоненттеріне жоғары сезімталдық.

Шығарылу түрі және қаптамасы

Сашеде 1 г ұнтақтан.

10 сашеден картоннан жасалған қорапшада қосымша парағымен бірге.

Өнімді дәріханалар желісі және сауда желілерінің арнайы бөлімдері арқылы тағамға биологиялық белсенді қоспа ретінде сатуға болады.

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік №**Сақтау шарттары**

Құрғақ, жарықтан қорғалған жерде 25 °С-ге дейінгі температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз

Жарамдылық мерзімі

24 ай.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды

Өндіруші:

Alax Bioresearch Pvt. Ltd.

Plot NO-5, Tim Eng. Estate,

Ahmedabad -382213, Үндістан

Тіркеу куәлігін ұстаушы

Alkem Laboratories Ltd

Alkem House, Devashish, Senapati Bapat Marg, Lower Parel, Mumbai-400 013, Үндістан

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнімнің (заттың) сапасы жөніндегі шағымдарды қабылдайтын ұйымның мекен-жайы

«The Pharma Network» ЖШС («Зэ Фарма Нэтворк»)

Алматы қ., Қонаев к-сі, 21Б, «Сәт» Бизнес орталығы офис 43

Телефон нөмері: +7 727 244 66 11;

Электрондық пошта: rgm@tpnalkem.com